

## MOZILLA ЖӘНЕ GOOGLE ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫН ҚОРҒАУҒА ӘРЕКЕТ ЖАСАЙДЫ

*Браузер компаниялары елдегі өз пайдаланушыларын қорғау үшін*

*үкіметтік бақылау тактикасына кедергі келтіреді*

**Сан-Франциско, СО** - Бүгінгі таңда Mozilla және Google компаниялары Қазақстандағы жеке тұлғалардың онлайн қауіпсіздігі мен құпиялығын қорғауға әрекет жасап жатыр. Firefox және Chrome браузерлерінде қолданатын техникалық шешімдердің арқасында компаниялар Қазақстан үкіметінің елдегі интернет трафигіне араласу мүмкіндігін бөгейді.

Қазақстандағы интернет провайдерлері ел халқынан интернетті пайдалану үшін барлық құрылғылар мен браузерлерге үкімет берген сертификатты жүктеп алып орнату талап етілген ақиқатқа сай [хабардан](#) кейін жауап беріліп отыр. Бұл сертификатқа ешқандай компания сенім білдірмейді. Оны орнатқан соң, үкімет тіркелгі ақпараты мен құпиясөздерін ұстап қалып, пайдаланушы енгізген немесе жариялаған деректерді шифрлауға және оқуға мүмкіндік алады. Ол пайдаланушылардың басқалардан гөрі Facebook, Twitter және Google сияқты танымал сайттарға кіруіне арналған.

**«Дүние жүзі адамдары интернетті пайдаланған кезде, әсіресе олардың қауіпсіздігіне әсер ететін осы сияқты шабуылдардан сақтау туралы айтылғанда, Firefox оларды қорғайды деп сенеді. Біз мұндай әрекеттерге жеңіл қарамаймыз, бірақ өз пайдаланушыларымызды қорғау және интернетті жақын қолдануы Firefox браузерін қорғаумен тең».** - Маршалл Ервин, сенім және қауіпсіздік жөніндегі аға директор, Mozilla

**«Біз ешқандай ұйымның - мемлекеттік немесе басқа болсын - Chrome пайдаланушыларының деректеріне араласу әрекетіне шыдап отыра алмаймыз. Біз бұл нақты мәселеден қорғайтын тәсілді енгіздік және дүние жүзі бойынша пайдаланушыларымызды қорғауға әрдайым шара қолданамыз».** — Париса Табриз, аға техникалық директор, Chrome

Бұл — Қазақстан үкіметі тарапынан елдегілердің интернет трафигіне араласуға жасап отырған бірінші әрекеті емес. 2015 жылы Қазақстан үкіметі Mozilla ұйымының сенімді түбір бағдарламасына түбір сертификатты қоспақ болды. Солай олар пайдаланушылар әрекетіне тыңшылық жасау үшін сертификатты пайдаланғысы келгені анықталғаннан кейін, сұрау қабылданбай тасталды. Аз уақыттан кейін үкімет өз азаматтарын сертификатты қолмен енгізуге мәжбүрледі, бірақ аталған әрекет [ұйымдардың құқықтық әрекетінен кейін](#) жүзеге аспай қалды.

Әр компания өз браузеріне арналған техникалық шешім қолданады. Бұл шешімдер туралы қосымша ақпаратты төмендегі сілтемелерден қараңыз.

[Mozilla](#)

[Google](#)